

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТЕРЛІГІ  
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ПAVЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ АКИМАТА  
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

Келісілді/Согласовано  
Білім беру басқармасының  
басшысы /руководитель  
управления образования  
Д.Болатханұлы \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2021 жыл

Бекітілді/Утверждено  
Коллеж директорының м.а./  
и.о. руководителя колледжа  
С.Азекпарова \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2021 жыл



«ЖАЯУ МҰСА АТЫНДАҒЫ АҚСУ ЖОҒАРЫ КӨПСАЛАЛЫ  
КОЛЛЕДЖІ»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік  
кәсіпорынының  
2021-2025 жылдарға арналған  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

---

СТАТЕГИЧЕСКИЙ ПЛАН РАЗВИТИЯ  
коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного  
ведения  
«АКСУСКИЙ ВЫСШИЙ МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ КОЛЛЕДЖ  
ИМЕНИ ЖАЯУ МУСЫ»  
на 2020-2025 годы

## Мазмұны

Кіріспе

1. Міндет және көрініс
2. Ағымдағы жағдайды талдау және қауіптерді басқару
  - 2.1. Сыртқы ортаны талдау
  - 2.2. Ішкі ортаны талдау
  - 2.3. Ұйым қызметіндегі күшті және әлсіз жақтарды талдау (SWOT)
3. Стратегиялық даму бағыттары: максаттары, міндеттері, күтілетін нәтижелері
4. Ұйымның стратегиялық картасы
5. Ұйым қызметінің негізгі көрсеткіштері
6. Стратегиялық бағыттар шеңберінде қауіптерді басқару жүйесі

## Кіріспе

«Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖК КМК Стратегиялық даму жоспары нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;
- «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы;
- 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»;
- «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы «Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 тамыздағы № 625 қаулысы;
- «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысы;
- «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысы;
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы;
- 2018 жылғы 4 шілдедегі № 172 - VI ҚРЗ өзгерістерімен «Білім туралы» ҚР Заңы, Астана, Ақорда;
- Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
- «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Заңы, Нұр-Сұлтан.
- «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы;

• «Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 бұйрығы;

• «Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығы;

• Колледж жарғысы;

• 2021-2025 жылдарға арналған перспективалық жоспарды бірлесіп орындаушылар педагогикалық ұжым және колледждің барлық қызметкерлері, студенттер мен олардың ата - аналары, жұмыс берушілер (кәсіпорындар мен ұйымдар) - әлеуметтік әріптестік субъектілері.

Жоспарды іске асырудың басталуы: 2021 ж. 01.02.

Стратегиялық жоспардың іске асырылуына мониторингті оқу орнының ұсынған есептері негізінде қамқоршылық кеңес жыл сайын жүзеге асырады.

Стратегиялық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауымен;
- 2) мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу /жаңарту;
- 3) қандай да бір НҚА өзгерістер мен толықтырулар қабылдау/енгізу арқылы;
- 3) ұйым қызметінің негізгі бағыттарының өзгеруіне байланысты;
- 4) жұмыс берушілерден ұсыныстар енгізу;
- 5) стратегиялық Жоспарды іске асыру мониторингінің қорытындыларымен айқындалады.

## 1. Міндет және көрініс

**Міндет:** Павлодар өңірі мен Қазақстан Республикасының әртүрлі салаларының еңбек нарығының қажеттіліктеріне, Worldskills халықаралық стандарттарына сәйкес орта буындағы сұранысқа ие мамандарды даярлау іске асырылатын инновациялық ғылыми-білім беру ортасын қалыптастыру.

**Көрініс:** Ұлттық экономиканың экономикалық өсуін қамтамасыз ететін инновациялық технологияларды енгізу жағдайында еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары білікті кадрларды даярлау бойынша жетекші білім беру ұйымына айналу.

## 2. Ағымдағы жағдайды талдау

### 2.1. Сыртқы жағдайды талдау

#### Еңбек ресурстарының нарығы және талапкерлер

Халықты нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы 2011 жылы қабылданған, негізінен жұмыссыздықтың өсуін тежеу бойынша дағдарысқа қарсы шараларды көздейтін «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасының қисынды жалғасы болды. 2016 жылдан бастап жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты өнімді жұмыспен қамтуға тарту үшін жағдай жасау бойынша міндеттер қойылуда. Оң өзгерістерге қарамастан, ұлттық еңбек нарығы теңдестірілмеген. Ақсу өңірінің өңірлік кәсіпкерлер палатасының статистикасы бойынша жұмыссыздар саны 348 адамды құрайды. Осыған байланысты өңірде еңбек ресурстарының төмен сапасымен және өндіріс пен оқыту арасындағы нақты байланыстың болмауымен байланысты жұмыс күшінің, бірінші кезекте білікті кадрлардың, техникалық және қызмет көрсету еңбегі қызметкерлерінің тапшылығы орын алып отыр. Осылайша, мамандар даярлаудың жоғары сапасының маңызды қозғаушы күштері: нақты тұтынушылардың нақты қажеттіліктеріне бағдарланған білім беру процесі, «Жас маман» жобасы шеңберінде Worldskills халықаралық стандарттарына бағдарлану, жұмыс берушілермен диалог және нәтижесі ретінде еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті түлектер болып табылады.

#### Бәсекелестер

Жоғары оқу орындары, ТЖКБ оқу орындары, облыстың, Қазақстан Республикасының, алыс және жақын шетелдің оқыту орталықтары Білім беру қызметтері нарығындағы колледждің бәсекелестері болып табылады. Дамыған заманауи материалдық-техникалық базаның, жоғары кәсіби кадрлардың, халықаралық және республикалық жобаларға қатысудың, ресурстық оқу орталығының, «Жас маман» жобасы бойынша құзыреттілік орталығының, мобильді оқу орталығының, жастардың рухани - адамгершілік тәрбиесінің жоғары деңгейінің болуы жоғары көп бейінді колледждің бәсекелестік артықшылықтары болып табылады.

#### Әлеуметтік серіктестер

Әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылды жүзеге асыру түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелерін шешуге, олардың дайындық сапасын бақылауды қамтамасыз етуге, қандай да бір мамандық мамандарына қажеттілікті болжауға, сондай-ақ қазіргі заманғы өндіріс талаптарына сәйкес бағдарламалардың мазмұнын жетілдіруге мүмкіндік береді.

## 2.2. Ішкі жағдайды талдау

«Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖҚ КМК 1997 жылы өзіне үш дербес оқу орнын біріктірді: мәдени-ағарту училищесі (құрылған жылы – 1966), дене тәрбиесі техникумы (құрылған жылы – 1969), энергетикалық техникум (құрылған жылы – 1982). 2013 жылы ЖМАК құрамына қайта ұйымдастыру нәтижесінде «№ 3 Ақсу колледжі» кірді.

Колледж құрылымына келесі бөлімшелер кіреді: оқу жұмысы, оқу-өндірістік жұмыс, тәрбие жұмысы, әкімшілік-шаруашылық, бухгалтерия, мұрағат.

Жобалық қуаты: жалпы ауданы 23040.8 ш.м., оның ішінде пайдалы 20328.3 ш. м., 1655 оқушы орнына есептелген. Колледж екі оқу ғимаратынан тұрады, 75 теориялық оқыту кабинеті, 12 зертхана, 16 шеберхана, 10 компьютерлік сынып, 80 және 156 орындық асхана, 84827 данадан астам кітап қоры бар кітапхана, спорт, тренажер, күрес және гимнастика залдары бар. Колледжде 222 компьютерді, 30 проекторды, 8 интерактивті тақтаны, 3 цифрлық подиумды, 2 LG панелін, 1 интерактивті үстелді біріктіретін бірінғай ақпараттық инфрақұрылым ұйымдастырылған. Компьютерлер оқу кабинеттерінде, он компьютерлік сыныптарда және 3 зертханаларда орнатылған.

Колледждің бейіндік қызметі 50%-ға техникалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлауға бағытталған (электриктер, электромеханиктер, энергетиктер, техник – бағдарламашылар), басқа бөлігі - әлеуметтік-мәдени сала (педагог-ұйымдастырушылар, режиссерлер, хореографтар, кітапханашылар), білім беру (дене тәрбиесі және спорт мұғалімдері, мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілері) үшін кадрлар даярлауға бағытталған. Сонымен қатар, бухгалтер-экономистер мен бастауыш кәсіптік білім беру мамандары – аспаздар, газ-электрмен дәнекерлеушілер мен құрылысшылар даярлануда.

Колледж 14 білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады:

1) 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», біліктілігі 0101013 «мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі»;

2) 0103000 «Дене тәрбиесі және спорт», біліктілігі 0103023 «дене тәрбиесі және спорт мұғалімі»;

3) 0403000 «Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем өнер шығармашылығы», біліктілігі 0403013 «бос уақытты ұйымдастырушы педагог»;

4) 0518000 «Есеп және аудит (салалар бойынша)», біліктілігі 0518033 «экономист-бухгалтер»;

5) 0901000 «Электр станциялары мен желілерінің электр қондырғылары (түрлері бойынша)», біліктілігі 0901043 «техник-электрик», біліктілігі 0901012 «электромонтер (барлық атаулары)», біліктілігі 0901022 «электр станцияларының электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі»;

6) 0906000 «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары», біліктілігі 0906033 «техник-энергетик»; біліктілігі 0906012 «қазандық жабдығы бойынша машинист-қараушы», біліктілігі 0906022 «турбина жабдығы жөніндегі машинист-қараушы»;

7) 0911000 «Электр және электромеханикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша)», біліктілігі 0911013 «электромеханик»;

8) 1002000 «Қара металдар металлургиясы (түрлері бойынша)», біліктілігі 1002213 «техник-металлург»;

9) 1112000 «Өнеркәсіп машиналары мен жабдықтарын пайдалану», біліктілігі 1112043 «техник-механик»; біліктілігі 111203 2 «слесарь-жөндеуші», біліктілігі 111202 2 «механикалық жинау жұмыстарының слесарі»;

10) 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)», біліктілігі 1304043 «техник-бағдарламашы»;

11) 0401000 «Кітапхана ісі», біліктілігі 0401013 «кітапханашы»;

12) 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру», біліктілігі 0508012 «аспаз»; 0508022 «кондитер»;

13) 1114000 «Дәнекерлеу ісі», біліктілігі 1114042 «электргазбен дәнекерлеуші»; 111402 2 «газ кескіш», 111405 3 «техник»

14) 1401000 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану», біліктілігі 1401213 «техник-құрылысшы», 1401042 «сылақшы», 1401102 «плиткамен қаптаушы»;

Білім беру қызметіне лицензияның қосымшаларына сәйкес сондай-ақ келесі мамандық бар:

1) 1211000 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», біліктілігі 121107 2 «модельер-пішуші».

Дуалды оқыту аясында 2010 жылдан бастап колледж қаланың қала құраушы кәсіпорындарымен ынтымақтастықты жүзеге асырады: «Еуроазиаттық энергетикалық корпорация» АҚ электр станциясы, «Қазхром» ТҮК АҚ филиалы АФЗ, «ПЭТК» Ақсу электр желілері» АҚ, «Ақсу су арнасы» КМҚ.

Төменде дуалды оқыту бағдарламасы аясында білім алушылар туралы мәліметтер келтірілген.

№	Мамандығы	Шығарылған жылы	Түлектер саны
1	0901000 Электр станциялары мен желілерінің электр қондырғылары (түрлері бойынша)	2017-2018	21
2	0906000 Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары	2018-2019	16
3		2014-2015	10
4		2018-2019	20
5		2019-2020	16

Қазіргі таңда колледжде дуалды жүйе бойынша 8 оқушы 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша, 10 адам – 1114000 «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша, 10 адам - 1401000 «Ғимараттар мен



құрылыстарды салу және пайдалану», 10 адам - 0901000 «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары», 8 адам - 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 18 адам - 0103000 «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алуға.

2020 жылы колледж түлектерін жұмысқа орналастыру: «Қазхром» ТҮК АҚ филиалы АФЗ 40%, «Ақсу электр желілері» ПЭТК» АҚ 45%, «Ақсу су арнасы» КМК 20% құрайды.

Деректерге сүйенсек, 2019-2020 жылдары колледж түлектерінің жалпы жұмысқа орналасуы 70,2% - ды, мамандығы бойынша 60,9% - ды құрайды.

2020 жылдан бастап WorldSkills халықаралық стандарттарына сәйкес біліктілікті растау және сапалы сараптамалық бағалауды қамтамасыз ету үшін колледжде тиісті мамандықтар бойынша демонстрациялық емтихандар өткізіледі.

Білім алушылар мен оқытушылардың зерттеу дағдыларын, кәсіби құзыреттіліктерін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға конкурстарға, олимпиадаларға, семинарларға, мастер-класстарға қатысуы ықпал етеді. Білім алушылар көптеген конкурстардың, жарыстардың және ҒЖК жүлдегерлері болып табылады.

Соңғы 3 жыл ішінде біз Павлодар өңірінде сұранысқа ие жұмысшы кәсіптердің беделін арттыруға өз үлесімізді қостық. Біздің студенттер облыстық, республикалық деңгейдегі WorldSkills жұмысшы мамандықтарының чемпионатына қатысып, 4 жыл қатарынан ұлттық және өңірлік деңгейде жеңімпаздар мен жүлдегерлер атанды:

- «Электрмонтаж» құзыреттілігі бойынша «Worldskills Павлодар -2020» Павлодар облысының ТжКБ оқу орындарының студенттері арасындағы аймақтық кәсіби шеберлік чемпионатында 1 орын;

- «Хореография» құзыреттілігі бойынша «Worldskills Павлодар -2020» Павлодар облысының ТжКБ оқу орындарының студенттері арасындағы аймақтық кәсіби шеберлік чемпионатында 1-орын;

- «Хореография» құзыреттілігі бойынша «Worldsklns Павлодар -2020» Павлодар облысы ТжКБ оқу орындары студенттері арасындағы аймақтық кәсіби шеберлік чемпионатында 2-орын;

- 2019 жылы «WorldSkills Қазақстан 2019» Ұлттық чемпионатында «Электрмонтаж» құзыреттілігі бойынша 2 жүлделі орын;

- «Электрмонтаж» құзыреттілігі бойынша «WorldskillsKazakhstan-2018, 2019» Павлодар облысының ТжКБ оқу орындарының студенттері арасындағы аймақтық кәсіби шеберлік чемпионатында 1-орын;


- «Электрмонтаж» құзыреттілігі бойынша Павлодар облысының «WorldsklnsKazakhstan 2017» ТжКБ оқу орындарының студенттері арасындағы аймақтық кәсіби шеберлік чемпионатында 1 орын, 2017жыл.

#### Кадрлық әлеует

Колледжде білім беру процесін 97 педагог қызметкер, оның ішінде жас

оқытушылар 17 адам, 12 өндірістік оқыту шеберлері жүзеге асырады. Колледжде жұмыс істейтін барлық оқытушылардың оқу пәндерін оқыту үшін тиісті жоғары базалық білімі бар. Педагог қызметкерлердің жалпы санынан біліктілік санаттары: педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғары, бірінші 55% - ды құрайды.

Біліктілік санаты	магистр	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Жоғары	Педагог-сарапшы	Бірінші	Барлығы
Саны	9	1	2	29	3	22	57
%	11%	1%	2%	28%	3%	21%	55%



Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалының, «Кәсіпқор Холдингі» КЕАК, НЗМ және білім беру жүйесіндегі басқа да ұйымдар мен мекемелердің жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізіледі. Сондай-ақ, өңір кәсіпорындарында курстар мен тағылымдамалар ұйымдастырылды.

Колледждің педагог қызметкерлері соңғы үш оқу жылында ғылыми-практикалық конференциялар материалдарының жинақтарында, ғылыми-педагогикалық журналдарда, Internet желісінің веб-ресурстарында 69 мақала жариялады. Педагогтер жетістіктер, өткізілген сыныптан тыс іс-шаралар, конкурстар, әлеуметтік әріптестермен бірлескен іс-шаралар, сабақтарды әзірлеу туралы ақпаратты орналастырады.

2018 жылы колледж халықаралық тәуелсіз институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті, оның нәтижелері бойынша сараптау комиссиясы ескертулер мен сәйкессіздіктерді анықтаған жоқ.

2019 жылы Ресурстық орталықтың ашылуы өтті, оның қызмет бағыттары бар біліктіліктер бойынша даярлау және қайта даярлау болады. Ресурстық орталыққа бос уақыттың келесі бағыттары кіреді:

1. «Tildaryn: latyn a 'Irbii» kabineti («Тілдарын: латын әліпби» кабинеті).
2. Englishclub (ағылшын тілі кабинеті)
3. «Рухани Жанғыру» кабинеті
4. «Домбыра» әлеуметтік жобасы
5. «Овация» актерлік шеберлік студиясы. Заманауи би.

Аталған орталықтың құрамдас бөлігі «Түлектер бәйтерегі» мансап, тәжірибе және түлектерді жұмысқа орналастыру орталығы болып табылады, оның құрамына халыққа заңгерлік және психологиялық қызмет көрсету, әлеуметтік дүкен ашу, сервистік қызмет көрсету және т.б. кіреді.

2019-2020 оқу жылынан бастап колледжде қашықтықтан оқыту технологиялары оқу процесінде белсенді қолданылады. Колледж ұзақ мерзімді даму бағыттарына, мәлімделген миссияларға, мақсаттар мен міндеттерге сәйкес Павлодар өңіріндегі білім беру қызметтері нарығында берік позициялар алу ниеттеріне сәйкес стратегиялық және тактикалық жоспарлау және ресурстарды бөлу процестерін жүзеге асырады.

2020 жылы «Жас маман» жобасын іске асыру шеңберінде WorldSkills стандарттары бойынша «Электромонтаж» құзыреттілігі бойынша кәсіби шеберлік чемпионаттарына қатысушыларды даярлауды ұйымдастыру мақсатында «Электромонтаж» құзыреттілік орталығы құрылды.

Колледжде Stemplatform-робототехника модульдері бойынша зертхана, инженерия, бағдарламалау, 3D модельдеу және жиһазбен интерактивті жабдықтар кешені жұмыс істейді.

Колледжде робототехника, инженерия, бағдарламалау, 3D модельдеу модульдеріне арналған STEMplatform-зертханасы және жиһазбен жабдықталған интерактивті жабдықтар жиынтығы бар.

2020 жылы колледж өскелең ұрпақты тәрбиелеу және білім беру саласындағы жоғары жетістіктері үшін Павлодар облысы әкімінің арнайы гранты - 50 млн.тенге сомасына сертификат иегері болды.

Тәрбие жұмысының бағыттары мәдени-бұқаралық, спорттық-сауықтыру іс-шаралары, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру, қызығушылықтары бойынша үйірмелер құру және ұйымдастыру, тақырыптық сынып сағаттары, экскурсиялар, студенттермен жеке жұмыс, кездесулер арқылы іске асырылады. «Түбіт канат ақындар», «Саналы ұрпақ» клубтары, «Мерген атқын» үйірмесі белсенді жұмыс істеуде. Жастар саясатын педагогтармен бірге колледж жастар кеңесі, Студенттер кеңесі, Жатақхана кеңесі, ҚБК, Қамқоршылық кеңес жүзеге асырады.

#### Колледж бюджеті

Күнтізбелік жылға арналған колледж бюджетін қалыптастыру процесі кіріс және шығыс бөлігін анықтауды қамтиды. Ақылы негізде кірістерді жоспарлау білім алушылардың орташа жылдық контингентіне және 1 студентке шаққандағы оқу құнына қарай айқындалады. Мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының сомасын мемлекеттік тапсырыс бойынша орташа жылдық контингентті негізге ала отырып, «Павлодар облысының білім беру басқармасы» ММ уәкілетті органы айқындайды.

Колледжді үш жылға қаржыландыру көлемі келесі көрсеткіштерді құрайды:

2018					
Жалпы қарж-у	бюджет.	бюдж. тыс	МТБ	кітапхана қоры	
471 298,93	425013	46 285,93	11 676,49	3 173,03	
2019					
Жалпы қарж-у	бюджет.	бюдж. тыс	МТБ	кітапхана қоры	
530 173,04	487 160,00	43 013,04	2 039,59	2 270,39	
2020					
Жалпы қарж-у	бюджет.	бюдж. тыс	МТБ	кітапх. қоры	Жас маман
630 357,46	594 369,00	35 988,46	4 644,02	2 158,58	314571,7

### Кітапхана

Колледж білім алушылары колледжде оқытылатын барлық пәндер бойынша кітапхананың ақпараттық ресурстарына баспа және электрондық тасығыштарда қол жеткізе алады.

Мультимедиялық аймақ білім алушылар мен оқытушыларға ақпараттық ресурстарға тез және толық қол жетімділікті, өзін-өзі тәрбиелеу қызметін, эссе жазуды және презентация құруды ұсынады.

Кітапхана пайдаланушыларға кітапхана қорларын автоматтандыру және «Кітаптар», «Мақалалар», «Электрондық ресурстар» деректер базаларымен «КАБИС» кітапханалық-ақпараттық жүйесінің электрондық дерекқорларын құру негізінде ақпараттық-библиографиялық қызметтерді ұсынады.

Колледж кітапханасында [bibcollege64@mail.ru](mailto:bibcollege64@mail.ru) электрондық пошта мекен-жайы және колледж сайтында кітапхананың барлық жұмысы көрсетілген жеке парағы бар.

**Колледж сайты** - білім беру мекемесінің ақпараттық кеңістігін кеңейту мақсатында құрылатын және келесі міндеттерді шешетін ақпараттық ресурс:

- білім беру процесіне қатысушыларды ақпараттық қамтамасыз ету;
- білім беру процесінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру;
- оқыту мен тәрбиелеудің жаңа формаларын, әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;
- білім беру мекемесінің кешенді ақпараттық ортасын қалыптастыру;
- білім беру мекемесінің он имиджін қалыптастыру;
- білім беру мекемесінің инновациялық тәжірибесін тарату;
- білім беру процесінің қатысушыларымен кері байланысты жүзеге асыру;
- басшы блогы;
- мемлекеттік қызметтер

### 2.3 Ұйым қызметіндегі күшті және әлсіз жақтарды талдау (SWOT)

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Білім беру қызметтері нарығындағы тұрақты бедел;</li> <li>• Өңірде сұранысқа ие мамандықтар бойынша кадрлар даярлау;</li> <li>• Түлектерді жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру деңгейі;</li> <li>• Белсенді маркетингтік жұмыс және колледж имиджімен тұрақты жұмыс;</li> <li>• Оқытушылар құрамының біліктілік талаптарына және бейін бойынша базалық білімге сәйкестігі;</li> <li>• Жас мамандардың кадрлық құрамын жаңарту;</li> <li>• Колледжді халықаралық аккредиттеу;</li> <li>• «Жас маман» бағдарламасы аясында «Электромонтаж» күзіндетілік орталығының жұмысы;</li> <li>• Worldskills стандарттары бойынша демонстрациялық емтихандар өткізу;</li> <li>• Студенттер WorldSkills чемпионатының жүлдегерлері.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өндірістен тікелей өткен кәсіби кадрлардың болмауы, оқытушылардың практикалық дағдыларының әлсіздігі;</li> <li>• Кейбір құзыреттер бойынша әлсіз материалдық-техникалық база;</li> <li>• Мемлекеттік тілде оқытатын мамандықтар (пәндер) бойынша әдебиеттердің жетіспеушілігі;</li> <li>• Кадрларды даярлауға жұмыс берушілердің жеткіліксіз қатысуы (Стипендиялар, гранттар, ақы төленетін практика);</li> <li>• Базалық кәсіпорындардың қаржылық тұрақсыздығы;</li> <li>• ЖОБ халықаралық стандарттарға сәйкес оқыту қажеттілігі;</li> <li>• Кейбір мамандықтар бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші төмен</li> </ul>
Мүмкіндіктер	Тәуекелдер
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Кәсіби құзыреттілікті арттыру үшін оқу процесін материалдық-техникалық аппараттық ресурстармен қамтамасыз ету;</li> <li>• Қосымша білім беру курстарын енгізу, колледж базасында біліктілікті арттыру және тағылымдамадан өту курстары;</li> <li>• Түлектерді жұмысқа орналастыруда әлеуметтік әріптестердің көмек көрсетуі;</li> <li>• Колледж оқытушыларының мемлекеттік және шетел тілдерінде оқу-әдістемелік әдебиеттер әзірлеуі және басып шығаруы;</li> <li>• Оқытушылар мен студенттердің ғылыми байқаулар мен жобаларға және әртүрлі деңгейдегі басқа да іс-шараларға қатысуын ынталандыру жүйесін әзірлеу;</li> <li>• Болашақта мамандықтың тартымдылығы мен сұранысқа ие болуы есебінен талапкерлер санының артуы;</li> <li>• Шетелде оқытушылар мен шеберлердің біліктілігін арттыру және тағылымдамадан өту курстары.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Демографиялық процестер (бала туудың төмендеуі) және көші-қон жағдайлары;</li> <li>• Білім беру қызметтері нарығындағы бәсекелестік;</li> <li>• Еңбек нарығындағы тез өзгеретін экономикалық жағдай, мамандардың толып кетуі және уақыт өте келе жекелеген мамандықтарға сұраныстың болмауы;</li> <li>• Ұлттық валютаның девальвациясы;</li> <li>• Білім беру қызметтері нарығында мықты бәсекелестердің пайда болуы.</li> </ul>

### 3. Дамудың стратегиялық бағыттары: мақсаттары, міндеттері, күтілетін нәтижелері

**1-стратегиялық бағыт.** Кәсіби кадрларды даярлау және олардың білім беру қызметтері нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі

**Мақсаты:** Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім берудің тиімді жүйесінің жұмыс істеуі

**Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:**

1. Техникалық және кәсіптік білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
2. Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруды қамтамасыз ету, оның ішінде дуалды оқыту бойынша, WorldSkills стандарттарына сәйкес инновациялық технологияларды енгізу;
3. Әлеуметтік әріптестікті дамыту, өндірістен мамандарды тарту;
4. «Students office» оқу үдерісін сүйемелдеудің инновациялық орталығын енгізу.

**Күтілетін нәтижелер:**

1. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жұмысқа орналасқан және жұмыспен қамтылған түлектерінің үлесі оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы 71,4% - ды құрайды, соңғы нәтиже 5 жылға 85% - ды құрайды;
2. «Students office» коммуникациялық технологиялар орталығы қызметкерлер мен студенттерге арналған оқу және ақпараттық сервистерді ұсынатын ДБО бағдарламаларын іске асырады. Бұдан басқа, цифрлық платформалардың жұмысын және бақылауын жүзеге асырады;
3. Техникалық және кәсіптік білім беру кадрларын даярлау саласында өңірдің ұйымдары мен кәсіпорындарымен ынтымақтастық бойынша жасалған келісімдер мен меморандумдардың саны 20 бірлікке дейін ұлғайтылады;
4. Дуалды оқытумен қамтылған білім алушылардың үлесін арттыру.

## **2-стратегиялық бағыт. Кадрлық әлеуетті дамыту**

**Мақсаты:** Колледж ЖОБ сапалық құрамын арттыру

**Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:**

1. Қала және облыс, республика кәсіпорындарында оқытушылардың, ӨО шеберлерінің біліктілікті арттыру курстарынан және тағылымдамадан өтуі;
2. Облыс, республика, жақын және алыс шетел деңгейінде оқытушылар мен шеберлердің тәжірибесін жинақтау;
3. Оқытушылар мен ӨО шеберлерінің ғылыми-зерттеу қызметін дамыту және жетілдіру;

### **Күтілетін нәтижелер:**

1. Оқытушылар мен ӨО шеберлерінің үлесі (педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы) 55% - дан 70% - ға дейін ұлғаяды;
2. Магистрлердің үлесі 20% - ға дейін артады;

**3-стратегиялық бағыт.** Колледж білім алушыларымен әлеуметтік және тәрбие жұмысы

**Мақсаты:** Жастардың дамуы үшін жағдай жасау, оларды елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тарту

**Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:**

1. Сабактан тыс іс-шаралар арқылы таңдаған мамандыққа деген қызығушылықты ояту;
2. Азаматтық белсенділікті арттыру және патриоттық тәрбие;
3. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
4. Ұлттық құндылықтар, ана тілі мен мәдениетін құрметтеу;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

### **Күтілетін нәтижелер:**

1. Колледж оқушылары арасындағы құқық бұзушылықтар саны 0% - ға дейін төмендейді.
2. Белсенді өмірлік ұстанымы бар (қоғамдық-мәдени іс-шараларға, конференцияларға, олимпиадаларға және т.б. катысу) білім алушылардың үлесі 75% - ға артады.

**4-стратегиялық бағыт.** Білім беру сапасын арттыру үшін колледж инфрақұрылымын дамыту

**Мақсаты:** Колледж инфрақұрылымын кеңейту және жаңғырту

**Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:**

1. Колледждің оқу аудиторияларын, зертханалары мен шеберханаларын жанарту және жетілдіру;
2. Жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;

**Күтілетін нәтижелер:**

1. Колледждің материалдық-техникалық базасының WorldSkills заманауи, халықаралық стандарттарына 30% сәйкестігі.

**5-стратегиялық бағыт.** «Жас маман» жобасын іске асыру

**Мақсаты:** Жоғары білікті және кәсіби құзыретті түлектерді даярлау үшін колледжде бәсекеге қабілетті практикаға бағытталған білім беру ортасын, оның ішінде мамандық бойынша тиімді жұмысқа, тұрақты кәсіби өсу мен ұтқырлыққа дайын «Жас маман» жобасы шеңберінде WorldSkills стандарттары мен озық технологияларды қалыптастыру және дамыту.

**Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:**

1. WorldSkills стандарттарының талаптарына сәйкес оқытушылар мен ӨО шеберлерінің біліктілігін арттыру, тағылымдамадан өту курстарынан өтуі;
2. «Жас маман» жобасы шеңберінде WorldSkills стандарттарына сәйкес негізгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын үйлестіру;
3. WorldSkills International стандарттары бойынша өңірлік және ұлттық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу;
4. Павлодар облысының энергетика саласындағы электротехникалық бағыттағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

1. Электротехникалық бағыттағы мамандықтар түлектерін жұмысқа орналастыру көрсеткіштерінің өсуі 85% - ға артады.
2. «Жас маман» жобасын іске асыру аясында оқушылардың оқу сапасы 85% - ға артады.



## **6-стратегиялық бағыт. Колледждің қаржылық тұрақтылығын арттыру және активтерді тиімді басқару**

**Мақсаты:** Колледждің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету

**Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:**

1. Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу;
2. Ақылы қызмет көрсету;
3. Ақылы негізде мамандықтарды енгізу (арнайы шоттар).

**Күтілетін нәтижелер:**

1. Колледж ұсынған қызметтерден тұрақты табыс.

**5. Ұйым қызметінің негізгі көрсеткіштері**  
**Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, қызметтің негізгі көрсеткіштері, нәтижелер көрсеткіштері және іс-шаралар**

**1-стратегиялық бағыт.** Кәсіби кадрларды даярлау және олардың білім беру қызметтері нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі  
**Мақсат 1.1.** Өлемдік білім беру кеңістігіне интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім берудің тиімді жүйесінің жұмыс істеуі

Қызметтің негізгі көрсеткіштері	Өлш.бірл.	Жоспарлы кезеңі				
		2021	2022	2023	2024	2025
1. Оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жұмысқа орналасқан және жұмыспен қамтылған түлектерінің үлесін ұлғайту	%	72	75	78	82	85
2. «Students Office» коммуникациялық технологиялар орталығы колледж қызметкерлері мен студенттеріне арналған оқу және ақпараттық сервистерді ұсынады	%	5	30	50	80	100
3. Дуалды оқытумен қамтылған білім алушылардың үлесін арттыру	%	10%	30%	50%	80%	100%

**ҚНҚ қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдістері**

Міндет 1.1. Техникалық және кәсіптік білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету		2021	2022	2023	2024	2025
<b>Тікелей нәтижелер көрсеткіштері</b>						
1. Жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылданған білім алушылардың саны	Өлш. бірл.	200	210	220	240	250
2. Шарттық негізде оқытқындар саны	Адам	15	20	20	25	25
<b>Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар</b>						
1. Кадрларды даярлау, кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізуге мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін ұлғайтуға өтінім қалыптастыру және беру	Адам	160	170	180	190	200
2. Колледждің ЖОБ даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету	Адам	10	15	20	20	25

**Міндет 1.2.** Дуалды оқығуды қоса алғанда, білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету және жақсарту, WorldSkills стандарттарына сәйкес инновациялық технологияларды енгізу

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері		2021	2022	2023	2024	2025
1.	МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының болуы	+	+	+	+	+
2.	Әзірленген, өзектендірілген модульдік білім беру бағдарламаларының саны	40	43	45	45	47
3.	Worldskills стандарттары бойынша демонстрациялық практикалық емтихан форматында біліктілік емтиханын тапсыруды көздейтін білім беру бағдарламаларының саны	2	3	5	8	12
<b>Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу көпшідегі іс-шаралар</b>		<b>2021</b>	<b>2022</b>	<b>2023</b>	<b>2024</b>	<b>2025</b>
1.	Модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыру технологиясы бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлеу	+	+	+	+	+
